



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
А.Қ. Назаровқа, Ж.С. Әшімжановқа

2023 жылғы 3 мамырдағы № ДС-124 сауалға

Құрметті депутаттар!

«Кеген - Нарынқол» және «Көкпек - Кеген - Қырғызстанның шекарасы (Түп)» учаскелерінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге қатысты жоғарыда көрсетілген сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

«Кеген - Нарынқол» автожолының ұзындығы 89 км құрайды. Ағымдағы жылы Тегістік елді мекенінен Нарынқол ауылына дейін (74-89 км) ұзындығы 15 км учаскеге орташа жөндеу жүргізу жоспарлануда.

Өз кезегінде, қалған 74 шақырымды жөндеуге қаражатты 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджетті қалыптастыру шеңберінде көздеу жоспарлануда.

Сондай-ақ, ағымдағы жылдың соңына дейін жалпы ұзындығы 22,1 км (41-53 км және 88-99 км) «Көкпек - Кеген - Қырғызстанның шекарасы (Түп)» автожолының учаскелерін күрделі жөндеуді аяқтау жоспарлануда.

Жалаулы ауылынан Кеген асуына дейінгі (53-68 км) автожол учаскесінің жай-күйін жақсарту мақсатында ағымдағы жылдың қыркүйек айында аяқталатын орташа жөндеу жүргізілуде, сондай-ақ ұзындығы 15 км (км 26-41) Жалаңаш бұрылысынан Ақсай ауылына дейінгі учаскені жөндеу жұмыстарын 2024 жылы қамтамасыз ету жоспарлануда.

Жекелеген учаскелерде жөндеу жұмыстарын жүргізгенге дейін аталған автожолдардың техникалық жай-күйі (*шұңқырларды жөндеу, таңбалар салу, белгілер қою және т.б.*) республикалық маңызы бар автожолдарды күтіп ұстау бойынша жүргізілетін жұмыстар шеңберінде қолдау көрсетілетін болады.

Жоғарыда аталған жұмыстар жалғасуда және Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Р. Скляр